


ҰСАҚТАЛЫП БАРАМЫЗ БА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ БАСТАУЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



АСТАНАЛЫҚ АДАМ-РОБОТ

7-БЕТ | ҚОҒАМ

ЖАСТАРДЫҢ БҮГІНГІ МІНДЕТІ – ОҚУ, БІЛІМ, ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ. ЖАСТАР БҮГІН СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН ЗАМАН. БІЛІМСІЗ ІСТІҢ РЕТІ БОЛМАЙДЫ. СОНДЫҚТАН, ЖАСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ НАЗАРЫ МЕКТЕПКЕ АУДАРЫЛУЫ КЕРЕК.

Ғани МҰРАТБАЕВ

№133
(4877)
Сейсенбі
11 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ХАЛЫҚ СЕНІМІ ЖОҒАРЫ

2025 жылдың қазан айында ҚСЗИ тапсырысы бойынша жүргізілген қоғамдық пікірді зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентіне халық сенімі жоғары деңгейде сақталып отыр.

Әлеуметтанулық сауалнама 2025 жылғы 3 қазан мен 5 қараша аралығында жүргізілді. Іріктеме көлемі 8000 респондентті құрайды. Сауалнамаға 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қала – Астана, Алматы және Шымкент қалаларының 18 жастан асқан респонденттері қатысқан.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының мәліметінше, респонденттердің 86 пайызы Президентті қолдайтынын білдірген. Бұл көрсеткіш соңғы бірнеше жылда тұрақты түрде сақталып келеді және ол қоғам тарапынан елді жаңғырту мен жаңарту бағытын қолдау үрдісінің тұрақтылығын көрсетеді.

«Сенімнің ең жоғары деңгейі жастар арасында тіркеліп отыр (90,1%). Респонденттер неғұрлым жас болған сайын, олардың Президентке сенімінде жаңашылдықтан, өзгерістерден үміті жоғары. Ал аға буын жасы ұлғайған сайын, керісінше, бұл өзгерістердің олардың қалыптасқан өмір салтын бұзбағанын қалайды. Осы көңіл-күйлердің тоғысуы бүгінде азаматтардың басым бөлігін біріктіріп отырған тұрақты жаңару бағытына сүйеніш болып отыр» делінген хабарламада.



4

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық бастамасы аясында салынған заманауи білім ордалары – еліміздің болашағына бағытталған стратегиялық маңызды жоба. Бұл мектептер қазіргі заманның талаптарына сай, озық білім беру технологияларымен, цифрлық инфрақұрылыммен және инновациялық оқу әдістемелерімен жабдықталған.

ҚАУІПСІЗДІКТІ ДРОНДАР БАҚЫЛАЙДЫ

Астанада құқық бұзушылықты жедел анықтауға және оның алдын алуға, жалпы қаладағы қоғамдық қауіпсіздікті бақылау үшін дрондар мен зияткерлік тану жүйелері пайдаланыла бастады. Бұл туралы ҚР ІІМ мәлім етті.

Жұмысты үйлестіруді полицияның жедел басқару орталығы жүзеге асырады, онда елордадағы жағдай тәулік бойы бақыланады. Ол үшін көшедегі бақылау камералары, смарт-таңбалалар және дрондар қолданылады.

Жол қозғалысын әуе бақылауы жүзеге асырылатын «дрондардың бірыңғай инфрақұрылымы» пилоттық жобасына ерекше назар аударылды. Алты заманауи дрондар күн сайын көлік ағындарын бақылайды, бұзушылықтарды тіркейді, мемлекеттік автомобиль нөмірлерін таниды және оларды іздеу дерекқорларымен салыстырады.


Сонымен қатар, мәдени және спорттық іс-шаралар кезінде дрондар жедел басқару орталығына болып жатқан оқиғалардың онлайн трансляциясын қамтамасыз етеді, бұл полицияға жағдайды бақылауға және қоғамдық тәртіпті сақтауға мүмкіндік береді.

ФРОНТ-КЕҢСЕ АШЫЛДЫ

Елордада Amanat партиясының бастамасымен тұрғындар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына жауапты құрылымдар арасындағы байланысты қамтамасыз ететін жаңа фронт-кеңсе ашылды.

Жоба көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару саласында жүйелі қолдау көрсетуге, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және азаматтар, билік органдары мен азаматтық қоғам институттары арасындағы сындарлы диалогты дамытуға бағытталған.

Жаңа фронт-кеңсе азаматтардың өтініштерін қабылдайды, оқыту іс-шараларын өткізеді және көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару ісінде практикалық көмек көрсетеді.



№133 (4877) 11/11/2025 Сейсенбі



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуровты қабылдады. Кездесуде Қазақстан Президентінің Мәскеуге жасайтын мемлекеттік сапары аясында қаралатын көпжоспарлы ынтымақтастықтың басты бағыттары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы сапарға ерекше мән беріп отырғанын және келіссөздердің табысты өтетініне сенімді екенін жеткізді. Мемлекет басшысы екі ел үкіметтерінің белсенді әрі үйлесімді жұмысының арқасында Ресей Қазақстанның жетекші сауда-экономикалық серіктестерінің бірі болып қала беретініне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Владимир Путинмен екіжақты тауар айналымының көлемін таяу арада 30 миллиард долларға дейін арттыру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілгенін еске салды. Президент Ресей Федерациясы Қазақстан экономикасына қаржы салған жетекші инвесторлардың бірі болып отырғанына назар аударды. Былтыр жалпы инвестиция көлемі 4 миллиард долларға жетті. Мемлекет басшысы елімізде көптеген ресейлік компания жемісті жұмыс істеп жатқанын мәлімдеді. Бұл екі ел арасындағы өзара сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді.

Денис Мантуров қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдіріп, ресейлік тараптың екіжақты байланыстарды одан әрі кеңейтуге дайын екенін растады. Ресей Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары таратар бірлескен жобаларды дамытуға берік негіз қалағанын айтып, олардың табысты жүзеге асырылатынына сенім білдірді.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін Денис Мантуровты I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ПРЕЗИДЕНТ ТЕННИСШІНІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев теннисші Елена Рыбакинаны Эр-Риядта өткен WTA қорытынды турниріндегі жеңісімен құттықтады.

«Сіз теннистен жыл қорытындысы саналатын беделді жарыста шеберліктің озық үлгісін көрсетіп, асқан ерік-жігердің арқасында жеңіске жеттіңіз. Қазақстандық және әлемдік теннис спортының тарихындағы осынау айтулы жетістігіңізбен шын жүректен құттықтаймын және ризашылығымды білдіремін. Дүбірлі додадағы жеңісіңізді, теннистің дамуына қосқан үлесіңізді және аталған спортты елімізде насихаттауға сіңірген еңбегіңізді ескере отырып, Сізді III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Сізге зор денсаулық, бақ-береке және Қазақстан Республикасының даңқын асыратын жаңа жетістіктер тілеймін» делінген құттықтауда.

ӘУЕ ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Алатау қаласында еліміздегі алғашқы әуе такси қызметі іске қосылады. Бұл мақсатқа электрлі eVTOL ұшақтары сатып алынады.

АҚШ-тың Вашингтон қаласында Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, американдық Joby Aero компаниясы, Alatau Advance Air Group және кәсіпкер Вячеслав Ким өзара түсіністік жөніндегі меморандумға қол қойды. Тігінен ұшып-қонатын бұл инновациялық аппараттар Қазақстандағы алғашқы қалалық әуе мобильділігі жобасының негізі болады. Келісім аясында демонстрациялық ұшуларға арналған сынақ алаңы құрылып, әуе таксиін Алатау мен Алматы қалаларының көлік желісіне кіріктіру көзделіп отыр.

МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН БАРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 11-12 қарашада Ресей Федерациясына мемлекеттік сапармен барады.

Мемлекет басшысы Президент Владимир Путинмен келіссөздер жүргізеді. Сондай-ақ Орал қаласында өтетін XXI Қазақстан мен Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық сессиясына бейнебайланыс арқылы қатысады. Сапар аясында бірқатар екіжақты маңызды құжаттарға қол қою жоспарланып отыр.

ПАДЕЛ СПОРТЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ?

Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық падел федерациясының (FIP) президенті Луиджи Карраро мен Premier Padel әлемдік кәсіби турының төрағасы Нассер Бен Ганим Әл-Хелаифиді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанда падел спортын дамыту перспективасы талқыланды. Бүгінде елімізде 1,5 мыңнан астам ойыншыны біріктіретін қоғамдастық қалыптасып, 16 облыста өңірлік федерация құрылды.

Президент мемлекеттің бұқаралық спортты өркендетуге және заманауи инфрақұрылым жасақтауға айрықша көңіл бөліп отырғанын атап өтті. Қазіргі кезде елімізде падел ойынына арналған 17 корт бар. 2027 жылы Алматы қаласында халықаралық стандартқа сай келетін 10 корты бар ADD PADEL ARENA спорт кешенін ашу жоспарланып отыр. Орталық Азиядағы заманауи спорт нысандарының біріне айналатын бұл аренада Premier Padel деңгейіндегі турнирлерді ұйымдастыруға болады.

Президент футболды дамыту мәселесіне арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде футбол клубтарын жекешелендіру және бәсекелес орта қалыптастыру шаралары жүргізіліп жатқанын айтты. Президент УЕФА Атқарушы комитетінің мүшесі және «Пари Сен-Жермен» клубының акционері ретінде әлемдік футболға қосқан үлесі үшін Нассер Әл-Хелаифиге алғыс айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қазақстанның Халықаралық падел федерациясымен ынтымақтастығын нығайту елімізде осы спорт түрін дамытуға әрі танымалдылығын арттыруға ықпал ететініне сенім білдірді.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР КӨБЕЙЕДІ



Елордада инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандарды салуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл бағытта тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері (жылу, электр, су), мектептер, балабақшалар және оқушылар сарайларының құрылысы белсенді түрде жүргізіліп, сонымен қатар, әлеуметтік нысандарды салуға жеке инвестициялар да тартылып жатқанын мәлімдеді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

– Қалада 4 Оқушылар сарайы жұмыс істейді (екеуі – мемлекеттік, екеуі – жекеменшік). Былтыр жалпы саны 4 мың орынға есептелген 2 жекеменшік нысан пайдалануға берілді: «Sana Bilim» – 2 мың орын (Тұран даңғылы), «Sana Sport» спорттық және шығармашылық орталық – 2 мың орын (Қажымұқан көшесі). Қазіргі уақытта біз қосымша тағы төрт білім беру нысанын (Оқушылар сарайы) салып жатырмыз. Оның үшеуі – мемлекеттік, ал біреуі жеке инвестициялардың есебінен салынып жатыр. Сондай-ақ биыл екі нысанның құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. 2026 жылы көпфункционалды екі кешенді пайдалануға беру, 2027 жылы тағы екі нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр, – деді қала әкімі.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Данияда балаларға әлеуметтік желіні пайдалануға тыйым салатын заң жобасы талқыланып жатыр.

Заң жобасы бойынша балалар белгілі әлеуметтік желі платформаларына ата-анасының рұқсатымен ғана кіретін болады. Бұл заң жобасы алдағы айларда қабылдануы мүмкін. Қазір Данияда 13 жасқа дейінгі балалардың 94 пайызында ғаламторда кем дегенде бір парақша бар екені анықталып отыр. Билік өкілдері шара кәмелетке толмағандарды цифрлық ортаның кері әсерінен қорғайды деп есептейді.



Түркияда Нетаньяхуды қамауға алуға ордер берілді.

Ыстамбұлдың Бас прокуратурасы Израильдің премьер-министрі Биньямин Нетаньяхуды және тағы 36 израильдік жоғары лауазымды шенеунікті қамауға алуға ордер берді. Олар Газа секторының тұрғындарына қарсы жаппай қылмыс жасады деп айыпталуда. Іс материалдары куәгерлердің айғақтарын, фотобейне деректерді, сондай-ақ азаматтық нысандар мен ауруханаларға жасалған соққылар жөніндегі мәліметтерді қамтиды.



Иран астанасы Тегеранда су тапшылығы күрт артып, билік тұрғындарды көшіру ықтималдығына амалсыз көніп, эвакуацияға қамданып жатыр, деп хабарлады BILD.

Иран президенті Масуд Пезешкиан жауын жаумаса, су тұтыну нормасы енгізіліп, тіпті астананы эвакуациялау қажет болуы мүмкін екенін мәлімдеді.

Қалаға ауызсу негізінен, Амир-Кабир су қоймасынан келеді. Тегеранның сумен қамту басқармасының басшысы Бехзад Парсының айтуынша, онда небәрі 14 млн текше метр ғана қалған.

БЮДЖЕТ ӨТІНІМІ ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы мәслихатының кезекті отырысында қалалық Қоршаған ортаны қорғау басқармасының 2026-2028 жылдарға арналған бюджет өтінімі талқыланды.



Бұған дейін басқарма өздерінің бюджеттік сұраныстарын Экономика басқармасында, Бюджеттік комиссияда және қала басшылығы деңгейінде бірнеше рет қорғаған. Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбектің айтуынша, 2026 жылға ұсынылған қаржы лимиті биылғы жылмен салыстырғанда екі есеге аз.

«Цифрларды нақты атамай отырмыз, себебі бұл көрсеткіштер әлі өзгеруі мүмкін, бұл ақырғы нұсқа емес» деді ол.

Отырыста депутаттар 2021-2025 жылдарға арналған Астананың даму жоспары индикаторларының орындалу барысы мен қаржыландыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ биылғы бюджеттегі республикалық трансферттер мен басқа да қаржы көздерінің үлесі туралы ақпарат сұралды.

«Біз басқармадан биылғы жылға белгіленген приоритеттердің қайсысы орындалмағанын және келесі жылға жоспарланған негізгі іс-шаралар тізбегін де сұрадық. Мүмкіндігінше жауап алдық» деді Кендебай Адамбек.

Сонымен қатар ол басқарманың бюджет жоспарлау процесінде жүйеліліктің жетіспейтінін атап өтіп, бұл бағытта жұмысты күшейту қажеттігін ескертті.

ЕСІРТКІНІҢ ЗИЯНЫ ЕСКЕРТІЛДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң және тәртіп» қағидаты және «Esirtkisiz Elorda» әлеуметтік жобасы аясында Астанада жастарға арналған арнайы қойылымдық сот отырысы ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – нашақорлықтың алдын алу.

Іс-шараны «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Оның негізгі мақсаты – жастардың өз денсаулығы мен өмір салтына жауапкершілік сезімін қалыптастыру, нашақорлықтың алдын алу.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, иммитациялық сотты өткізу идеясы профилактикалық жұмысты жастар үшін практикалық әрі түсінікті ету ниетінен туындаған.

«Іс-шараның мақсаты – қатысушыларға психоактивті заттарды қолданудың құқықтық және әлеуметтік салдарын көрсету, сыни ойлау және құқықтық сауаттылық дағдыларын дамыту. Бұл формат қатысушыларға тек заттарды қолданудың салдарын естіп қана қоймай, оны заң мен мораль тұрғысынан көруге мүмкіндік береді. Мұндай жобалар жастарда жеке жауапкершілікке деген қарым-қатынасты күшейтеді және құқықтық әрі әлеуметтік бастамаларға қызығушылықты арттырады» дейді «Астана жастары» жастармен жұмыс және құқық бұзушылық профилактикасы бөлімінің маманы Айсұлу Қайыр.

АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ ӨТТІ

Астанадағы №82 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінде Әкелер одағының қатысуымен «Әке тәлімі – өмір азығы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Оған бастауыш сынып оқушылары мен олардың әкелері қатысты.



Іс-шара отбасындағы әкенің тәрбиелік рөлін арттыру, әке мен бала арасындағы байланысты нығайту, оқушыларды отбасылық құндылықтарға баулу, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Іс-шара барысында халықаралық дәрежедегі спорт шебері Темір Спатаев бала тәрбиесі туралы айтса, Республикалық Әкелер одағы қоғамдық бірлестігінің Астана қаласы филиалының төрағасы Бекдайыр Нығметұлы мұндай тәрбие сағаттарының маңызы зор екеніне тоқталды.

«Осындай шаралардың білім ошақтарында ұйымдастырылуы орынды деп ойлаймын. Неге десеңіз, баланың өмірге деген, қоғамға деген көзқарасы осы мектепте оқып жүрген оқушы кезінде қалыптасады. Оның рухты болып өсуіне, әкеге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімі қалыптасуына, жалпы үлкендерді, ұстазды сыйлауына бүгінгідей іс-шаралардың үлесі зор. Әке мен бала арасындағы өзара түсіністік пен сенімді арттыру, отбасылық тәрбие мен мектеп арасындағы байланысты күшейтудің маңызы зор. Сондықтан ұйымдастыруға атсалысқан мектепке алғысымды білдіремін» деді ол.

Ал №82 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінің директоры Болат Мұңбаев әкенің бала өміріндегі рөлі туралы айтты. Іс-шара соңында белсенді қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Францияда әйгілі кинофильмдердегі 50 автокөлік аукционға қойылды.

Коллекцияны Movie Cars орталық музейі ұсынды. Темір тұлпарлардың бірқатары «Форсаж», «Такси» сынды танымал туындылардың түсіріліміне қатысқан. Сарапшылардың айтуы бойынша, бұл олардың құны мен тарихи мәнін одан әрі арттырады. Онлайн сауда 21-28 қараша аралығында өтеді. Мамандар көліктердің бағасы бірнеше миллион еуроға дейін жетеді деп болжап отыр.



Жапонияда аюлар көбейіп, тұрғындарға қауіп төндіре бастаған.

Жергілікті биліктен шағым көбейген соң, әскерилер елдің солтүстігіндегі таулы аймақтарға аттанды. Аюларға қарсы күрес операциясы қазір Акита префектурасындағы Кадзуно қаласында басталған. Мұнда тұрғындарға аңнан қорғану үшін қоңырау іліп жүру ескертілген. Қоршаған орта министрлігінің мәліметіне қарағанда сәуір айынан бері Жапонияда аюлар адамға 100 рет шабуыл жасаған. 12 адам көз жұмған.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, қоғамның әл-ауқатына және халықтың билікке деген сеніміне едәуір нұқсан келтіретін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі. Сондықтан бұл мәселеге тек құқық қорғау органдары ғана емес, бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында бірнеше мәрте жемқорлықпен күрестің маңыздылығын атап өтті. Бүгінде елімізде ашықтықты қамтамасыз ету, есептілік пен қоғамдық бақылауды күшейту бағытында бірқатар нақты қадамдар жасалып жатыр.

Әкімшілік деңгейде де бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылуда. Барлық мемлекеттік қызметтер цифрландырылып, азаматтардың тікелей байланысын қысқарту арқылы жемқорлықтың алдын алу шаралары қолға алынуда. Сонымен қатар, қоғам тарапынан бақылауды арттыру мақсатында арнайы қоғамдық кеңестер мен мониторингтік топтар құрылып, олардың ұсыныстары мен ескертпелері – басты назарда.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектеліп қалмауы тиіс. Ең бастысы – оның алдын алу, жастардың бойына адалдық пен әділдік құндылықтарын сіңіру. Бұл бағытта білім беру ұйымдарында, мекемелерде тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

Әр азаматтың белсенді ұстанымы, адал еңбегі мен әділ көзқарасы – жемқорлықсыз қоғамның берік іргетасы болмақ. Сондықтан баршамыздың ортақ мақсатымыз – әділетті, ашық әрі таза қоғам құру.

Бұл бағыттағы ауданымызда ашықтық пен қоғаммен кері байланысты арттыру мақсатында тұрғындармен есептік кездесулер мен көшпелі қабылдаулар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Мұндай диалог алаңдары халықтың өзекті мәселелерін тыңдап, бірлесе шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тұрғындар жергілікті бюджеттің бір бөлігін басқаруға тікелей атсалыса алады. Бұл бастама азаматтардың бастамашылдығын арттырып, мемлекеттік шешім қабылдау процесін барынша ашық етуге жол ашады.

Мәселен, ағымдағы жылы Байқоңыр ауданында барлығы 138 аула аумағы абаттандырылса, оның 116-сында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді және 22-сі кешенді абаттандырылды. Ал 22 ауланың 12-сі дәл осы «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы жүзеге асырылды.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам – бұл тек арман емес, қол жеткізуге болатын шынайы мақсат. Бұл жолда әрқайсымыздың атқарар рөліміз маңызды. Адалдық пен жауапкершілік – тек мемлекеттік қызметте емес, күнделікті өмірімізде де басты ұстанымға айналуы тиіс. Таза ниетпен, әділ жолмен біріге әрекет етсек, болашағымыз да жарқын, мемлекетіміз де қуатты болары сөзсіз.

Талғат РАХМАНБЕРДІ,
Астана қаласы
Байқоңыр ауданының әкімі

АЛАЯҚТАРҒА ЖОЛ ЖОҚ!

Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы лудомания мен қаржылық алаяқтықтың алдын алуға бағытталған «Jarqyn Bolashaq» қалалық жобасы аясында «Дропперлер: алаяқтық схемаларға қалай қатыспау керек» тақырыбында ақпараттық кездесу өткізді.

Іс-шараға Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің аға жедел уәкілі Нұрғали Аязов қатысып, жастарға дропперлердің кім екені, яғни қылмыскерлердің атынан заңсыз қаржылық операциялар жасайтын адамдар туралы және мұндай әрекеттердің заң алдындағы жауапкершілігі жөнінде айтып берді.

Кездесудің басты мақсаты – жастардың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру, сонымен қатар оларды банктік карталар мен шоттарды заңсыз пайдалануға тартудың алдын алу.

– Спикер студенттерге қазіргі интернет-алаяқтық түрлері мен азаматтарды қаржылық схемаларға тарту тәсілдері туралы егжей-тегжейлі түсіндіріп, мұндай қауіптерден қорғану жолдарын атап өтті. Әсіресе «дроппер» ұғымына ерекше тоқталды. Азаматтардың өз банк деректерін басқа адамдарға беруі немесе олардың өтінішімен заңсыз әрекеттерге қатысуы қандай ауыр салдарға әкелетінін нақты мысалдармен түсіндірді, – деді Жастармен тәрбие жұмысы және құқық бұзушылықтың алдын алу бөлімі маманы Айсұлу Қайыр.

Кездесу барысында студенттер сұрақ қойып, пікір алмасып, қаржылық қауіпсіздік туралы пайдалы кеңестер алды. Мұндай іс-шаралар жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға және алаяқтықтың алдын алуға ықпал етеді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДАЛЫҚТАР!

Астана қаласының мәслихаты 2025 жылғы желтоқсанның бірінші онкүндігінде «Астана кәсіпкерлігі» кәсіпкерлікті дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» шеңберінде елордаға шетелдік және отандық инвестицияларды мақсатты түрде тарту арқылы елордаға қолайлы инвестициялық және бизнес-ахуалын жақсарту» тақырыбы бойынша кезекті сессия өткізіледі деп хабарлайды.

Кезекті сессияның қарауына енгізілетін сұрақ бойынша сіздің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-37, 55-66-31 телефон нөмірлері бойынша және astana@maslihat01.kz электрондық поштасына хабарлауды сұраймыз.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№133 (4877) 11/11/2025 Сейсенбі

КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ





«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» БОЛАШАҚҚА ЖОЛ САЛАДЫ



Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл мектептердің атауы бастапқыда «Жайлы мектеп» деп аталды. Себебі алдымен білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту керек болған. Осы мақсатта жаңа мектеп ғимараттары салынып, заманауи жабдықтармен жабдықталды. Ал білім сапасын жақсарту кезеңінде «Келешек мектебі» деп аталды.





Айгүл УАЙС

Жаңа форматтағы білім ошақтары бұрынғы салынған типтік мектептерге қарағанда мүлдем өзгеше. Біріншіден, олардың аумағы айтарлықтай үлкен, шамамен 15-20 пайызға көлемді етіп салынған. Оқушылар үшін төрт спорт залы, кең аулалары, жайлы сыныптары бар. Сондай-ақ IT технологиялары мен STEM – зертханалары, робототехника бөлмелері, би студиялары, коворкинг аймақтары мен бастапқы әскери дайындыққа арналған бөлек парад алаңдары бар. Ағаш өңдеу, тігін үйірмелері – яғни, ерте кәсіптік бағдар беретін мүмкіндіктер қарастырылған. Ал оқушы орны 2 000 балаға есептелген.

Балалардың сабақ кезіндегі қауіпсіздігіне де көңіл бөлінген. Бұл талап заманауи бейнебақылау және кіруді бақылау жүйелерімен, сондай-ақ кіші және жоғары сыныптарға арналған сәулеттік жобаланған блоктармен қанағаттандырылады. Қажеттіліктері бар балаларға арналған бөлек дәретханалары бар кең сынып бөлмелері бөлінген. Мектептерде лифттер, пандустар, арнайы көрсеткіш белгілер қойылып, психологтар, логопедтерге арналған кабинеттер бар. Жоба аясында барлығы 460 мың оқушы орны ашылады.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша жаңа форматтағы 105 мектеп салынды. Ал 2025 жылдың соңына дейін тағы 112 мектеп пайдалануға беріледі. Осылайша, жаңа оқу жылында қосымша 206 мың оқушы орны шәкірттерге есігін айқара ашады.

«Келешек мектептеріне» педагогтерді іріктеуде де өзгеріс болады. Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бұл мектептерге жеке басқару жүйесі енгізіліп жатыр. Соған байланысты мұғалімдерді іріктеу қалай болатыны, мектеп басшыларын қалай тағайындау қажеттігі, бұл мектептердің стратегиялық дамуы қалай жүзеге асатыны әзірленіп жатыр, бұл жөнінде TAMS конференциясында педагогтерге кеңінен таныстырылады.

Педагог мәртебесі туралы заңда көрсетілгендей қалалық болсын, ауылдық болсын, гимназия болсын – әр педагог 3 жылда бір рет біліктілігін мемлекет қаржыландыруымен арттыра алады. Осы тұрғыдан алғанда, «Келешек мектептерінің» педагогтері де, қарапайым мектеп мұғалімдері де бірдей негізде оқытылады.

2024 жылы 80 000-нан астам мұғалім тегін біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Еліміздің барлық аймақтарында жаңа білім беру нысандарының құрылысы қосымша жұмыс орындарын құруда, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруына және құрылыс саласының жалпы дамуына ықпал етуде. 2024 жылдан бастап жаңадан салынған мектептерде шамамен 5000 мұғалім жұмыспен қамтылды.

«Келешек мектептерімен» кемінде 3 жыл бойы жұмыс жасалып, аккредитация деңгейіне жеткізіліп, олардың тәжірибесі басқа мектептерді қамтитын болады. Қазіргі уақытта елімізде 6 800-ден астам мемлекеттік мектеп және 800-дей жекеменшік мектеп бар. Осы мектептерге кезең-кезеңімен «Келешек мектептерінің» тәжірибесі таратылатын болады.

Осылайша кезең-кезеңімен бірыңғай мектеп инфрақұрылымы стандартына көшу межеленген. Президенттің тапсырмаларына сәйкес білім беру ортасының сапасын жақсартуы тиіс ғимараттарды күрделі жөндеу, көгалдандыру және көгалдандыру кіреді. Егер бүкіл еліміз бойынша алсақ, 464 білім беру мекемесі күрделі жөндеуден өтті және олардың инфрақұрылымы жақсартылды. 2024 жылғы көктемгі су тасқынынан зардап шеккен отыз бес нысан қалпына келтірілді. 2039 мектепте 3130 заманауи сынып бөлмесі (робототехника, химия, биология, физика және STEM бойынша) жабдықталды. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры шамамен 100 000 оқушы орны бар 89 мектептің құрылысын қаржыландырды.

Үлкен өзгерістер Астана қаласында да жалғасуда. Жаңа оқу жылы басталғаннан бері Астанада жалпы сыйымдылығы 28 000 оқушыны (екі ауысымда) қамтитын жеті жайлы мектеп пайдалануға берілді. Оқу жылында барлығы 15 жаңа мектеп ашу жоспарлануда.

Өткен оқу жылында рекордтық сандағы мектептер ашылды: жалпы сыйымдылығы 66 000 оқушыны (екі ауысымда) қамтитын 24 мектеп. Осы 24 мектептің 16-сы жайлы мектептер болды. Бұл шаралар үш ауысымда оқыту және білім беру мекемелерінің шамадан тыс тығыздығы мәселесін біртіндеп шешуге мүмкіндік береді.

2025-2027 жылдарға арналған білім беру жүйесін жаңғырту жоспарының аясында жөндеу жұмыстары жоспарланған 22 мектептің тізімі бекітілді. 2025 жылы алты білім беру мекемесі күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар, биыл 31 000 бала бірінші сыныпқа барды.

ТӘЖІРИБЕЛІ ТӘРБИЕШІ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Келешек ұрпақтың ойы озық, білімі терең, тәлім-тәрбиесі жоғары болуы жолында іскерлігімен көзге түсіп жүрген астаналық Айтбала Елубаева адал еңбектің қадірін ұғынған қарапайым мамандар қатарынан. Астана қаласындағы №55 «Қарақат» балабақшасының тәрбиешісі осы салада ширек ғасырдан астам уақыттан бері абыройлы қызмет атқарып келеді.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Балаға берілетін тәрбие мен білім балабақшадан басталады. Яғни, кез келген баланың танымы мен тәрбиесінің іргетасы балабақшада қаланып, мектепте жалғасады. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие бағыты педагогикада ерекше маңызға ие.

1974 жылғы 3 қаңтарда Ақмола облысында дүниеге келген Айтбала Зейноллақызы Қорғалжын ауданына қарасты Майшұқыр орта мектебін ойдағыдай аяқтағаннан кейін Ақмола педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, оны бастауыш мектеп мамандығы бойынша бітіріп шығады. Содан бері ол бүлдіршіндердің білімінен бұрын тәрбиесіне ерекше мән бере отырып, қазіргі заман талабына сай тәлім теориясында жаңа ойлау дағдысын қалыптастыру үшін баланы қызықтырудың жаңа элементтерін қолдануда. Бұрын қағаздан қималар жасап, оны бала бейініне қарай түсіндіретін болса, қазіргі кезде оларға бұдан да қызығырақ, жалықтырып алмайтын әдіс-тәсілдерді енгізуге ден қойып, көбіне тың идея іздеп, танымдық көкжиекті қалыптастыратын креативті сабақтар өткізуде.

Бүгінгі таңда елордадағы №55 «Қарақат» балабақшасының ересектер тобында тәрбиеші қызметін өз деңгейінде атқарып жүрген тәжірибелі маман әр бес жылда біліктілігін арттырып отырады. Астанадағы А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтын тәмамдап, қайта даярлау курсынан өтті. Күнделікті жұмыс барысында балақайларға Отанымыз – Қазақстан Республикасы, жеріміз кең, табиғатымыз бай, халқымыз қонақжай екенін үнемі ескертіп, ата-бабадан қалған ән мен күйді үйреніп, оларды құрметтеуге, туған жерді аялап-қорғауға, сүюге баулып отырады. Ол өз ісіне зор жауапкершілікпен әрі аса ұқыптылықпен қарап қана қоймай, балаларды ана тілінде әдемі сөйлету, олардың ой-сезімдерін анық, еркін, көркем жеткізе білу, танымдық қабілеттерін дамытуды басты мақсаты санайды.

– Әр мамандықтың өз қиындығы және өз қызығы бар. Соның ішінде тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты. Күн сайын кішкентай достарымды асыға күтемін, олардың әрқайсысы бүгін қандай көңіл-күймен келетінін ойлаймын. Балақайлардың таңғажайып әлеміне тереңірек үңіліп, әрқайсының тілін табуға тырысамын. Төзімділік пен



мейірімділікті қажет ететін бұл істе біздің басты міндетіміз – ұрпағымызды ұлттық үрдіс негізінде тәрбиелеу. Бала – біздің болашағымыз. Еліміздің ертеңі, келешегіміздің келбеті, әр шаңырақтың шаттығы, қуанышы, баға жетпес бақыты да – осы бүлдіршіндер. Оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, саналы азаматтар болып қалыптасуы жолындағы тәрбие балабақшадан басталады. Сондықтан әр баланың бойынан оның қандай іске қабілетті, қандай өнерге бейімді екенін, икемділігін байқау тәрбиешілердің ізденісіне, байқампаздығына байланысты. Бұл бағытта «Балдәурен», «Балбөбек», «Қызғалдақ» және «Бәйшешек» топтарында мерекелік ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылып, оған ата-аналар да белсене атсалысады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген сөзін ескере келе, еліміздің әрбір азаматы жоғары білім мен табанды еңбектің нәтижесінде ғана биік белестерден көріне алатынын балабақшадан бастап балалардың санасына сіңіріп, олар келешекте терең білім алып, ерінбей еңбек етсе, еңбегіміздің жанғаны деп есептеймін, – деді Айтбала Елубаева.

Ол – тек тәжірибелі тәрбиеші ғана емес, ұжымда жан-жақты өнерімен де ерекшеленіп жүрген өнерпаз жан. Қолынан келмейтін ісі жоқ. Қолөнерімен көрнекілік құралдар дайындағанда алдына жан салмайды. Мерекелік ертеңгіліктерде үнемі ән айтып, балалармен бірге би де билейді. Ата-аналар да оның адамгершілік болмысына дән риза.

№133 (4877) 11/11/2025 Сейсенбі



ҰСАҚТАЛЫП БАРАМЫЗ БА?

Қазір әлеуметтік желілерге көз салсаңыз, ұлт тағдырына, елдік мәселеге немесе қоғамдағы өзекті тақырыптарға арналған салмақты мақалалар мен сұхбаттар көпшіліктің назарын аудара бермейді. Ал бір әнші ажырасыпты, пәленшенің тоқалы бар екен, түгеншенің көңілдесі туралы айтылыпты деген тәрізді өсек пен төсектің әңгімесі болса, әп-сәтте жүз мыңдаған, тіпті миллиондаған қаралым жинайды.

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Мәселен, «Ара медиа» арнасы ұсынған «Егемендік декларациясынан тіл туралы бап қалай түсіп қалды?» атты сүбелі сұхбатты бір күн ішінде небәрі 20 мыңға жетер-жетпес адам қараса, Тұрсынбек Қабатовтың жұбайының «Күйеуімнің көңілдесі бар деген хат келді» деген сұхбатын 8 сағатта 217 мың адам көріп, жүздеген пікір қалдырыпты. Міне, осының өзі қоғамдағы рухани деңгей мен ақпараттық талғамның қалай өзгеріп бара жатқанын айқын көрсетеді. Елдің ертеңіне алаңдайтын, ұлттық мүддені талқылайтын салмақты әңгімеге жұрттың ынтасы азайып, керісінше, жеңіл-желпі, өсек пен сенсацияға негізделген мазмұнға сұраныс артып барады. Бұрын жұрт жақсы ақынның өлеңін, ойлы қаламгердің мақаласын күтіп оқитын еді. Қазір кімнің кіммен ажырасқаны, кімнің қандай киім кигені жаңалыққа айналды. Мұндай құбылыс – тек біздің қоғамға ғана емес, жалпы жаһандық деңгейдегі ақпараттық дағдарыстың көрінісі. Бірақ қазақ қоғамы үшін бұл үрдістің қауіпті тұсы – ұлттық сана мен рухани құндылықтардың әлсіреуінде. Өйткені халық не көріп, не тыңдап отыр – соған қарай ойы қалыптасады, талғамы өседі не төмендейді. Егер елдік сана мен мәдени деңгей осылай әлсірей берсе, ертең бізді біріктіретін ортақ құндылық та қалмайды. Ұлттық идеяның орнын даңғаза мен дақпырт басады. Қоғам өз назарын неге бұрса, соны өсіреді. Егер өсекке мән берсек – өсек көбейеді, өрелі ойға мән берсек – ой өседі, рухани жақтағы сапамыз артады. Осы тұрғыдан алғанда, ұсақталып барамыз ба деген сұрақ – жай риторикалық сауал емес, бүгінгі қоғамның рухани айнасы. Егер біз шын мәнінде ел боламыз десек, «кім не деді?» емес, «не үшін айтты?» деген сауалға мән беруді үйренуіміз керек. Ұлттың іргесін өсек емес, өрелі ой ұстайды.

Адам не көріп, не тыңдаса – сонымен ойы қалыптасады. Егер қоғамның көп бөлігі жеңіл, мәнсіз контентті тұтынса, онда терең ойлау қабілеті төмендейді. Салдарынан елдік мәселеге селқос, сын көзбен қарай алмайтын, талдау мәдениеті жоқ ұрпақ көбейеді. Ұсақ ақпарат пен өсек-аяң халықтың назарын шынайы рухани мұрадан бұрып жібереді. Нәтижесінде дәстүр, тіл, тарих, дін, діл, әдебиет секілді ұлттық негіздер екінші қатарға сырғиды. Ал рухани негіз әлсіреген ұлт бірлік пен бағытынан айырылады. Талғамы төмен, ақпаратты сараптай алмайтын қоғамды басқару оңай. Ондай ортада фейк, жалған жаңалық, саяси үгіт, тіпті сыртқы ықпал да тез тарайды. Бұл – ақпараттық қауіпсіздікке тікелей соққы. Жеңіл-желпі, арзан күлкіге құрылған контент адамдардың жан дүниесін жұтаңдатады. Эмоция мен мейірімнің орнын мысқыл мен кек алу басады.

Ақпараттық талғам – мәдениеттің айнасы. Егер өнер, әдебиет, ғылым мен ойшылдық екінші орынға ығысса, қоғамда рухани даму тоқтайды. Өнердің орнына шоу, білімнің орнына блогерлік, ақылдың орнына айқай шығатынына бүгінгі қоғамдық болмысымыз айғақ емес пе?!

Газет оқымайтын, радио тыңдамайтын жұрт әлеуметтік желіден әртүрлі «былай істесең тез байисың», «менің сабағымды сатып алсаң, бір айда миллион теңге табыс табасың» деген сияқты арзан ақыл сатқыштардың сабағын сатып алуға құмар. Олардың көбі – өз өмірінде нақты табысқа жетпеген, бірақ «мотивация», «жеке даму» деген желеумен елдің сенімін пайдаланып жүргендер. Ал жұрт ойланбай, солардың жалған уәдесіне сеніп, уақытын да, қаржысын да рәсуа етеді. Осы құбылыс – қазіргі қоғамдағы ақпараттық сауаттың төмендігі мен рухани бағдардың әлсіреуінің айқын көрінісі. Ал шын мәнінде байлық та, жетістік те дайын рецепт арқылы келмейді. Еңбек, білім, табандылық тұрақты табыстың жалғыз жолы екенін өмір заңы дәлелдеген ақиқат емес пе?! Қоғам тез байығысы келетін, бірақ еңбектенгісі келмейтін адамдарға толса, онда рухани деградация басталады. Себебі мұндай психология – елдің емес, жеке қалтаның қамын ойлататын, жауапкершіліктен қашатын қауіпті сана қалыптастырады.

Жас ұрпақтың кітап оқымауы, күн өткен сайын «компьютер басты жарты адамдарға» айналып бара жатуы да жеңіл ақпараттың желкенін желбіретіп тұр. Кітаптың орнын телефон басқан заманда жастардың ойлау кеңістігі тарылып, ақпаратты терең талдау қабілеті төмендеуде. Ой еңбегін талап ететін оқудан гөрі жылтыраған экраннан дайын дүниені тұтынуға үйренген ұрпақ рухани дағдарысқа бет алып бара жатқандай.

Қысқасы, ұсақталу – уақыттың емес, ұлттың трагедиясы. Біз ақпараттың емес, ақиқаттың соңынан жүруді үйренуіміз керек. Әлеуметтік желінің жылтырын шындықпен шатастырған сайын рухани биігімізден алыстай түсеміз. Ұлттың ұлылығы – ойдың тереңінде, сөздің салмағында, рухтың биігінде. Егер біз сол салмақты қайта іздей алсақ, ұсақтықтан құтылып, ұлылыққа бет бұрамыз. Ал егер жеңіл-желпі, мәнсіз дүниелерге еліктей берсек, рухани жұтаңдықтың құрдымына өзімізді өз қолымызбен итереміз. Сондықтан бүгінгі басты сұрақ: «Ұсақталып барамыз ба?» емес, «Ұсақталудан қалай арылмақпыз?» болуы тиіс.

«АЗУЛЫЛАР» ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕ!

Өзіме де обал жоқ. Қиылып сұрап, «келіңіз «акциямен» бетіңізді әрлеп, әжімдеріңізді жұқартып, реңіңізді келістіріп береміз» деген соң құлай кеткенмін ғой. Әдемі болғанды кім жек көрсін әрі бар-жоғы білінбейтін азғантай ақшаға айдай сұлу етеміз дегеніне балаша сенгенім.

Айгүл УАЙС

Сонымен, сұлулық салонына келдім. Қарсы алдымнан жүгіріп шыққан көздері қиылған әп-әдемі қыздардың бірі шай ұсынып, екіншісі қолыма май жағып жұмсартып, аяғымызға массаж жасайтын аппаратын қосып, алаңдап келген көңілімізді әбден жайландырды. Анкетаны толтырып бола бергенімізде косметолог та келді. Жарты сағаттай өздерінің компаниясы туралы айтып, ақырындап бет күтіміне кірісті. Енді болды ма дегенде тағы бір қызметшісі келіп, 3 миллион теңгеге бағалаған қызметін сатып алыңыз деп бас салды. Бетіміздің терісін сыдырып кететіндей, таңқалған түрімнен байқады ма, сәл ойланып, сіз үшін «екі миллион» деді. Ыршып түскен жағдайымды байқап, бес жүзге түскенде бастырмалатып отырған маман өзімді кінәласын келіп. «Өзіңізге қарамайсыз, өзіңізге қимайсыз», тағысын тағылар. Алпыс жыл бетімді күтпей құр жүрген кезіме ызаланып, «апырмай, өзімнен аяймын ба?» деп, қаражатымды шығаруға бейімделіп келе жатыр едім, бір нәрседен тартынып қалдым. Олардың да көңілін жықпай, ойланайын дегеніме қаратар емес, келеді. Қармағына түсіп қалған құрбандары жетіп артылады. Ашық айтуға ұятты деп, «Шығасыға иесі басшы» дегендей, көбі үндемей қоя салады. Шынын айту керек, сотқа да бере алмайсыз. Ешкім тамағыңызға пышақ тақап қалтаңыздан тартып алған жоқ. Өзіңіз қолдан бердіңіз дегендей. Оның үстіне «кредитоманиямен» ауыратындар осылардың олжасы болған соң, олар әбден тыйымсыз тасыраңдап кетті.

Осылар әсіресе түрлі сұлулық салондарын жағалайды. Әйелдерге жылы сөз айтып, комплиментті үйіп-төксе, әмиянындағы ақырғы тиынын санап береді. Содан да жайына қарап жүрген нәзік жандарды алдап-сулап аз ақшамен немесе тегін қызмет көрсетеміз деп шақырып алады ма, «бізде мынадай бар, мынадай бар» деп басыңызды айналдырып, кредитке кіргізіп жібереді. Бас айналдырудың түрлі амалын меңгергендерге бұл түк емес. Айтарлықтай әсері бола қоймайтын, бірақ аты дардай, мақтауын жеткізген тауарды сатып алады. Жылдап несие төлеп, белгісіз компанияны байытады. Сіз несие төлеп болғанда компания да ізін суытып үлгереді. Осылайша тұтынушылардың назарын тез аударатын барынша әрекетке



Kaspi-ден қарызға ақша сұрап көріңіз, жауабын көрсетіңіз деп қояды. Сол кезде үстімнен мұздай су құйып жібергендей селт ете қалдым, «менің кіріс-шығысымды тексеретін сендер кімсіңдер, мен неге есеп беруім керек?!» деген ой сұлулық салонының барлық ықылас қызметіне деген рақметімді жоққа шығарып жіберді. Менің ашуымды аңғарғандар түк шықпайтынына көздері жетті ме, қолдарын бір сілтеп, келіскен теңгені алып қоя берді. Осылайша барынша қысым жасап, жан-жағыма қаратқызбай, үстемелеткен жарнаманың нөпірінен зорға есімді жинадым.

Осы күні тауарын тықпалаған агрессивті маркетинг белең алып барып тауарын тықпалап, барынша молдап сатуға итермелейтін және кейде манипуляциялық әдістерге негізделген жарнамалық стратегияны қаржы сауаты жоқтар ажырата бермейді. Бұл тәсіл эмоционалдық қысым арқылы шұғыл шешім қабылдау сезімін тудырады. Адамның осыған дейінгі тірлігін жоққа шығарып, басқадан артып түсуі үшін нарықтағы үлесін мол қарпу мақсатында әрі аз уақытта зор нәтижеге жету үшін бәсекелестерді тікелей сынауды пайдаланады. Бұлардың әлеуметтік желіде жарнамалық хабарламаларына толас жоқ, одан қалды телефон қоңырауы, электрондық пошта арқылы шақырады.

КАДР САЯСАТЫНЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Цифрландыру бұл тек технология емес, бұл – басқарудың жаңа мәдениеті. Біз деректерге сүйенген шешім қабылдау жүйесіне толық көшуіміз керек» деп атап өтті. Осыған орай, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, Мемлекет басшысының аталмыш тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында бюрократиялық рәсімдерді қысқарту және басқару тиімділігін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізуде. Соның бірі – «Бірыңғай кадр жүйесі» ақпараттық жүйесі.

Бірыңғай кадр жүйесі – кадрлық процестерді толық автоматтандырып, оларды цифрлық форматта жүргізуді көздейтін жоба. Бұл бастама кадр саясатының ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуді мақсат етеді. Мұндай реформа кадрлық деректерді біріздендіріп, қағазбастылықты азайтуға, адами фактордың ықпалын төмендетуге және басқару шешімдерінің дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, Президенттің 2024 жылғы 31 шілдедегі №612 Жарлығымен агенттікке мемлекеттік органдардың мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында бірыңғай кадр жүйесін қалыптастыру және енгізу жөніндегі функция бекітілді.


ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті қалалық әкімдікпен біріге отыра, 2025 жылы жоспарланған 95 ұйымның 26000-нан аса қызметкерінің жеке ісін, кадрлық құжат айналымының аталмыш жүйеге енгізілуін қамтамасыз етті. Департамент қызметкерлері тұрақты түрде кадрлық аудитқа шығып, мониторинг жасауда. Қазіргі таңда бірыңғай кадр жүйесінде ақпараттарды цифрландыру ведомстволық бағыныстағы ұйымның персоналды басқару қызметкерлерінің деоң пікіріне ие болды.

Сонымен бірге, ақпараттық жүйенің енгізілуі ведомстволық ұйымдардың басқару деңгейінде тиімді шешім қабылдауына ықпал етеді. Жүйе қызметкерлер саны, жүктеме деңгейі, кадр тапшылығы, еңбек өнімділігі бойынша нақты статистика ұсынады. Бұл өз кезегінде ұйым басшылығына тәуекелдерді алдын ала болжауға, ресурстарды дұрыс бөлуге және ішкі құрылымдарды оңтайландыру жөнінде уақытылы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Алдағы кезеңде кадр саласындағы цифрландыру жұмыстарын одан әрі жетілдіру – біздің негізгі міндеттеріміздің бірі. Жүйелердің интеграциясы, деректер сапасын арттыру, жасанды интеллект элементтерін енгізу және кадрлық мониторингтің жаңа құралдарын дамыту бұл бағыттағы басымдықтар болып қала береді.

Ербол ЖОЛДАНҒАР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысы

№133 (4877) 11/11/2025 Сейсенбі



«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» НЕМЕСЕ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ БАСТАУЫ

Биыл қазақ әдебиетінің классигі, Алаш қайраткері, ағартушы, көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты бірнеше мерейтой қатар келіп отыр. Ұлт ардақтысының туғанына 140 жыл болса, өмірден өткеніне 90 жыл. Сондай-ақ әдебиетіміздегі тұңғыш роман саналатын «Бақытсыз Жамал» туындысының жарық көргеніне 115 жыл. Аталмыш шығарма 1915 жылы Астананың іргесіндегі Атбасар қаласында сахналанды. Осы оқиғаға да 110 жыл толып отыр.

Бұл дерекке осыдан ширек ғасыр бұрын, 2001 жылы «Астана ақшамы» газетінде шыққан өлкетанушы Клара Әмірқызының «Бір суреттің сыры. Ол Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» алғаш Атбасарда қойылғанын айғақтайды» атты мақаласында жолықтық. Мұны міржақыптанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов те растады, яғни бұл – дұрыс дерек.

«Естелік сол оқиғаға қатысқан адамның аузымен айтылса да күмәнді сенімсіздік жалғаса берер ме еді, қайтер еді, егер қазақтың қадірлі қызы Үшкөлтай Сұбханбердинаның еңбегі болмаса?! Көптен айтылып келе жатқан дерек Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» шығармасы 1915 жылы Атбасарда пьеса болып қойылған болатын. Үшкөлтайды ауызға алып отырғанымыз – оның бет қаратпаған совет заманының өзінде байтақ елдің баспасөз сақтайтын әрбір үлкен қойма-лармынан өзімізге көрсетпей қойған құнды дүниелерді өлермендікпен жинап әкеліп, оны кітап жасап біріктіргеніне құрметіміз. Жоғарыдағы дерек «Қазақ» газетінің 1916 жылғы бір санында, кітаптың 262-263 беттерінде Дүйсен Шопанов деген автордың «Атбасарда театр» деген мақаласында айтылған» деп жазады Клара Әмірқызы.

Өзінің жазуынша, өлкетанушы бұл дерекке Атбасар қаласының тарихи-өлкетану музейін құру барысында жолыққан. Клара Әмірқызы осы руханият ошағының негізін қалады. «Бақытсыз Жамал» спектаклінде басты кейіпкер – Жамал бейнесін сомдаған Рамазан Тұрсынбекұлының естелігін де жазып алған.

«Жамал рөлін ойнауға бірінші ауылдан Майдашаш дейтін әнші қызды алдыртыпты. Бірақ ол рөлін ойнай алмайды. Діннің қатал кезі болғандықтан басқалар да көне қоймайды. Ақыры Жамалдың рөлін Рамазан Тұрсынбекұлы орындаған. Ол бір айдай жаттыққаннан кейін осы бір басты рөлді жап-жақсы ойнап шығады. Спектакль 1915 жылдың қараша-желтоқсан айларында қойылады» деп жазады Клара Әмірқызы.

Оның ұсынған деректеріне жүгінсек, спектакльге дайындық 1915 жылдың жаз айларында басталған. Қойылымды ұйымдастырушылардың ең негізгі белсенді тобында Сыздық Мешімбайұлы, Елемес Баржақсин, Асанқожа (Қасен) Қошанбайұлы, Шермұхамбет Темірбекұлы болған. Спектакльдің сахналануына Атбасар болысының басқарушысы Есет Жанбайұлы мен Терісаққан болысын басқарушы Омарбек Жанайдаров қолдау көрсетті. Жамалдың әкесі Сәрсенбай бейнесін Қазыкей Бейісұлы, анасы Шолпанды Мешімбай келіні Әліш, қыздың қайын атасын Абылқасен Аңсағайұлы, болыстың хатшысын Қазыбек Байғарин, Жамалдың атастырылған күйеуін Абушахма Жолаушыұлы, Жамалдың сүйгені Ғалиды Омар Тәжбенұлы, Ғалидың досын Тәлти Рахметұлы сомдаған.



ТАРИХТАН — ТӨБОРЫҚ

Бір суреттің

СЫРЫ

ол Міржақып Дулатовтың "Бақытсыз Жамалы" алғаш Атбасарда қойылғанын айғақтайды

Спектакль ұйымдастырушылары мен кейіпкерлерін сомдаушыларының қызметі жайлы айта кетсек, Алаш қайраткері Ахмет Баржақсұлының туған бауыры Елемес Баржақсин фельдшер болған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін уездік денсаулық бөлімін басқарған. 1935 жылы НКВД үкімімен ұсталып, 1936 жылы Қарсақбай түрмесінде атылды.

Асанқожа (Қасен) Қошанбайұлы губерниялық қызметтерде болды. Ақмола губерниясының трибунал тергеушісі, азық-түлік комиссарының орынбасары, Ақтөбе губерниясы азық-түлік комиссары, Семей губерниясы сауда бөлімінің төрағасы, Қазақ өлкелік тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы, бүкілодақтық «Астық» бірлестігінің Қазақстан бойынша өкілі, Батыс Қазақстан облысы атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1933 жылы кеңес өкіметі оны Аустрия астанасы Венада өткен халықаралық сауда альянсына қатысуға жұмсады. Сол жылдары Қасен Қошанбайұлы Қаз КСР жеңіл өнеркәсіп халық комиссары, КСРО жеңіл өнеркәсіп халық комиссарының Қазақстан бойынша инспекциясының бастығы еді. Одан соң Алматы облысы Кеген ауданы атқару комитетінің хатшысы, Қызылорда ауданы атқару комитетінің төрағасы болды. 1937 жылдың наурызында тұтқындалып, атылды. Оған Алаш қайраткері Мұстафа Шоқаймен байланыста болған деген айып тағылды. Қасен Қошанбайұлы 1958 жылдың мамыр айында ақталды.

> «Бақытсыз Жамал» қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман болса, осы туындыны қазақ театры тарихындағы алғашқы спектакльдің бірі деп те атауға болады. Міржақып Дулатұлының көзінің тірісінде-ақ спектакль сахналанған үй, Клара Әмірқызының жазуынша, Атбасар қаласының тарихи-өлкетану музейіне қарама-қарсы тұрды. Бұл ғимарат біраз өзгеріске түсіп, кейін қалалық мешітке берілген

«Бақытсыз Жамал» қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман болса, осы туындыны қазақ театры тарихындағы алғашқы спектакльдің бірі деп те атауға болады. Міржақып Дулатұлының көзінің тірісінде-ақ спектакль сахналанған үй, Клара Әмірқызының жазуынша, Атбасар қаласының тарихи-өлкетану музейіне қарама-қарсы тұрды. Бұл ғимарат біраз өзгеріске түсіп, кейін қалалық мешітке берілген. Өлкетанушы осы ғимаратқа мұнда «Бақытсыз Жамалдың» қойылғаны туралы ескерткіш-тақта орнатуды ұсынған. Алайда бұл іске аспады.

«Ұлттық тарихымыздың елеулі жайын түсіне қоятын ұрпақ болыңқырамай тұрғандай-ау деген өкініш туатын тәрізді» деп бұл жайында жазған Клара Әмірқызы 2002 жылы өмірден озып кетті. Оның бұл сөзі ұрпаққа аманатындай басылымымыздың бетінде қалды. Бірақ ұсынысы орындалғаны жөнінде әлі күнге дейін естімедік. Міржақып Дулатұлының биылғы 140 жылдығында және «Бақытсыз Жамалдың» Атбасарда сахналануына 110 жыл толуына орай нағыз істейтін іс. Келесі жылы қазақ кәсіби театр өнеріне 100 жыл толады. Осы оқиғаға да орайластырып орындауға болады деп есептейміз.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«АБАЙ – ДІЛДӘ» СПЕКТАКЛІ НЕГЕ ЖОҚ?

Әлеуметтік желіде ұлы Абай мен бәйбішесі Ділдәға қатысты біраз пікірталас тудырған әңгіме шыққанда, есімізге осыдан бірнеше жыл бұрын болған мына оқиға түсті. Қалибек Қуанышбаев театрында осы өнер ошағының негізін қалаған режиссер Жақып Омаров жайында кітаптың тұсаукесері өтіп жатқан. Оған қатысқан атақты актер Асанәлі Әшімов «Абай – Әйгерім», «Абай – Тоғжан» спектакльдері бар. Енді «Абай – Ділдә» қойылымын қою керек» деді. Әртістің ұсынысымен іштей келістік. Мұны енді сөз жүзінде қалдырмай, нақты іске асыру керек.

Ұлы Абайдың туғанына биыл 180 жыл толып отырғанда, бұл – маңызды іс. Ділдә туралы белгілі қаламгер Ермек Балташұлы кезінде жақсы мақала жазды. Онда Ділдәнің Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы және өмірдегі шынайы бейнесі жайында айтылады. Екеуі – екі бөлек дүние. Бұл түсінікті, роман сол заманның ырғағына қарай жазылған.

«Абай жолында» Мұхаң ұсынған көркем шындық пен нағыз тарихи шындықтың аражігін ашып алу үшін эпопеяның жарыққа шыққанына 70 жыл толуына орай Сәбина Зәкіржанқызының профессор Тұрсын Жұртбаймен жүргізген «Қазақ әдебиеті «Абай жолы» романынсыз қалар еді» және «Жетпіс жыл жұртын сусындатқан сұлу сөз» деген сұхбаттарды («Абай» порталында жарық көрген) шолып шығу артықшылық етпейді» деп жазады қаламгер. Оның мәліметінше, шын мәнінде, Абайдай алыптың адал жары, отбасының берекесі болған ақылды, сабырлы Ділдә Мұхтар Әуезовке Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы көп құнды дерек берген. Қазір Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен, Жазушылар одағы елорда филиалының ұйымдастыруымен «Қаламгер ұстаханасы» жобасы өтіп жатыр. Абай мен Ділдәнің ақиқатын сонда оқылған Тұрсын Жұртбайдың «Көркем шындық пен тарихи шындық» атты дәрісінен де ұғамыз.

«Өмірлік шындықтан ауылақ, бұл – Әйгерім бейнесі... Әлжекең, Әлжаппар Әбішев «Мұхтар Әуезовке барып, Әйгерімді жағымды кейіпкер етіп жасаңыз. Кедейдің қызы. Әйтпесе «Абай жолы» романына обал жасайсыз. Ділдә – менің апайым. Ол – байдың қызы. Апайым болса да аямаңыз. Жағымсыз мінездерді соған жапқызыңыз деп айттым» дейді. Сонда Мұхтар айтты дейді: «Мен Ділдәні қалай жамандаймын?! Абайдың өрісін ашып, алдын кеңейткен. Үрім бұтақ, бүкіл ырыс Ділдәнің алдынан шығып отыр ғой» деді Тұрсын Жұртбай. Бірақ «Абай жолы» романы бірнеше рет талқыланып, кітап шығуы үшін Мұхтар Әуезов өзгерістер енгізуге мәжбүр болды. Ділдә бейнесі сонда жағымсыз тұрғыдан берілген.

Қазір жалтақтайтын ештеңе жоқ. «Абай – Ділдә» спектаклі сахналанса, қазақ әйелінің, ақын жарының шынайы бейнесі шығады деп ойлаймыз. Әрине, алдымен пьеса жазылуы керек. Сосын қоятын жақсы режиссер табу қажет. Жеке өзіміз Асхат Маемиров, Жұлдызбек Жұманбай, таяуда Табылды Досымов жайлы «Сәйгүлік» атты тамаша спектакльді сахналаған Әли Бидахмет немесе Қарағандыдағы Сәкен Сейфуллин театрындағы Айдын Салбан қойса екен дейміз.

Қалай болғанда да, бұл – драматургтер мен театр режиссерлері, театр директорлары мен көркемдік жетекшілер ойланатын тақырып. Мәдениет және ақпарат министрлігі немесе жергілікті Мәдениет басқармасының қаржылай, басқа да қолдауы керек, әрине.

АСТАНАЛЫҚ АДАМ-РОБОТ

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың орасан қарқынмен дамып келе жатқан кезеңі. Бүгінгі таңда әлем елдері білім беру саласын түбегейлі жаңғыртып, оқушыларды тек дәстүрлі пәндермен ғана емес, сонымен қатар заманауи технологиялармен жұмыс істеуге үйретуді басты мақсат етіп отыр. Жасанды интеллект, робототехника, үлкен деректерді өңдеу, виртуалды шындық – осының бәрі ертеңгі қоғамның басты құралына айналмақ. Бұдан біздің еліміз де тыс қалмайды.



Шапағат ӘБДІР

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен деректерді пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс. Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек» деді. Бұл еліміздің алдағы уақытта жаппай цифрлы және роботтанған дәуірге көшетінінің бір белгісі десек қателеспейміз. Сол себепті қазіргі таңда ел мектептерінде түрлі робототехника үйірмелері ашылып, жасанды интеллектке қызығушылық танытқан оқушылар саны артып келеді. Жаңа ұрпақ тек тұтынушы емес, сонымен қатар жасаушы, яғни технологияның авторы болуға талпынуда. Оған Астана қаласындағы №109 «Келешек мектебінің» ұжымы мен оқушылары бірлесіп «Одиссей» атты адамға ұқсас роботты жасап шығуы толық дәлел бола алады.

Әңгімеміздің әлқиссасын әріден бастасақ, мектептің информатика пәнінің мұғалімі Дастан Дүйсенбайұлы оқушылардың шығармашылығын шыңдау үшін робототехника бағытындағы тәжірибелік жобаны қолға алуды ұсынған. Содан кейін бұл бастаманы 6-сынып оқушылары Қожахмет Ибрагимов пен Нұрсұлтан Серікжан белсенді қолдап, аз ғана уақыт ішінде өз сыныптастарына адам бейнесіндегі автоматты жасап шығарды. Мақсат – қарапайым робот құрастыру емес, адаммен табиғи байланыс орната алатын интеллектуалды жүйе жасау. Осылайша, оқушылардың арман-ойы мен ұстаздың кәсіби жетекшілігі бір арнаға тоғысып, «Одиссей» дүниеге келген.

АТЫ НЕГЕ «ОДИССЕЙ»?

Робот жасап болғаннан кейін оған ат қою оңайға соқпаған көрінеді әрі оған есім таңдау жайдан-жай жасалмаған. Құрастырушылардың айтуынша, олар оған ежелгі грек мифологиясындағы даналығы, тапқырлығы арқылы қиындықтарды жеңіп шыққан кейіпкер – Одиссейді үлгі етіп алған.

– Бұл таңдау кездейсоқ емес. Білім жолы – шытырманға толы саяхат, ал әрбір оқушы – сол саяхаттағы өз Одиссейі. Демек, роботтың атауы да оқушыларға білімге деген құштарлықтың, төзімділіктің және ізденістің символы ретінде қызмет етеді, – дейді жоба авторы.

«ОДИССЕЙДІҢ» МҮМКІНДІГІ МОЛ МА?

Жоба авторларының айтуынша, робот әлі де жетілу кезеңінде. Дегенмен қазіргі таңда оның бірнеше маңызды функциясы бар:

1. Адамдарды бақылау. Робот кірістірілген камера мен компьютерлік көру алгоритмдерінің көмегімен адамдарды тани алады. Әңгімелесушіге басын бұрып, тірі қарым-қатынас әсерін тудырады. Бұл оқушылар үшін ерекше қызықты әрі тартымды.

2. Қарапайым қимылдар жасау. Ол қолын көтеріп, оқушыға жауап бере алады. Бұл қозғалыстар балаларға роботпен байланыс орнатуда эмоционалды әсер қалдырады.

3. BlackBox жасанды интеллектімен жұмыс. «Одиссей» BlackBox тілдік моделіне қосылған. Соның арқасында ол мектеп пәндері бойынша сұрақтарға жауап беріп, түсіндірме бере алады. Мысалы, оқушы: «Фотосинтез деген не?» деп сұраса, робот былай деп жауап береді: «Фотосинтез – өсімдіктердің күн сәулесін, суды және көмірқышқыл газын глюкоза мен оттегі өндіру үшін пайдаланатын процесі».

4. Оқушыларды санау. Робот сыныптағы оқушылардың санын автоматты түрде есептей алады. Ол – мұғалімдер үшін пайдалы көмекші функция.

> Жоба жетекшісі Дастан Дүйсенбайұлы: «Робот-адам біраз адамды таңғалдырып, балаларымыздың қызығушылығы мен ынтасы бізге үлкен күш береді деп сенеміз» дейді. Ал оқушылар өздерінің робот жасаудағы тәжірибесін өмірлік сабақ деп біледі. Олар болашақта инженер, бағдарламашы болуды армандайды

БҰЛ ДА ҒЫЛЫМНЫҢ БІР ЖЕТІСТІГІ

«Одиссей» жобасының жұмысы бірнеше заманауи технологияның үйлесіміне негізделген, олардың қатарында компьютерлік көру бар, ол камера арқылы адамды танып, қозғалысты қадағалауға мүмкіндік береді, жасанды интеллект BlackBox жүйесі табиғи тілде қойылған сұрақтарға жауап беріп, оқушылардың қызығушылығын оятады, интерактивті қимылдар арқылы робот адамға қарап қозғалып, шынайы қарым-қатынас орнатқандай әсер сыйлайды, ал модульдік құрылым қосымша мүмкіндіктерді енгізуге ыңғайлы платформа болып, жобаның болашағын кеңейте түседі, осы технологиялардың мектеп қабырғасында қолданылуы оқушыларға нақты ғылымдардың практикалық маңызын тереңірек ұғынуға жол ашады, олардың ой-өрісін дамытып, бөлек мұғалімге көмекші қызметтерді жетілдіру көзделіп отыр, ол сабақ жоспарын жасауға, викторина сұрақтарын құрастыруға және күрделі тақырыптарды қысқаша әрі түсінікті етіп жеткізуге септігін тигізбек.

Жоба жетекшісі Дастан Дүйсенбайұлы: «Робот-адам біраз адамды таңғалдырып, балаларымыздың қызығушылығы мен ынтасы бізге үлкен күш береді деп сенеміз» дейді. Ал оқушылар өздерінің робот жасаудағы тәжірибесін өмірлік сабақ деп біледі. Олар болашақта инженер, бағдарламашы болуды армандайды.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ҮШІН ҮЛГІ

«Одиссей» жобасы мектеп деңгейінде де инновациялық идеяларды жүзеге асыруға болатынын дәлелдейді. Бұл – елдегі өзге білім ордаларына үлгі болатын бастама. Осындай тәжірибелер оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, олардың ойлау өрісін кеңейтеді, ғылымға деген қызығушылығын күшейтіп, жаңа ізденістерге жетелейді, мұғалімдерге жаңа әдістемелік құрал ретінде көмек беріп, сабақтарды тартымды да тиімді өткізуге мүмкіндік жасайды. Жалпы алғанда, еліміздегі білім мен ғылымның дамуына серпін беріп, болашақтағы интеллектуалды ұрпақтың қалыптасуына негіз болады.

P.S: ***«Одиссей» – жай ғана темір қорап емес, болашақтың мектебі қандай болуы керек екенінің айқын көрінісі. Оқушылар мен мұғалімдердің ынтымағы, ізденісі мен еңбегінің нәтижесі ретінде жасалған робот Қазақстандағы білім мен технологияның жаңа белесін көрсетеді. Келешекте мұндай жобалар көбейіп, мектеп қабырғасынан-ақ болашақ ғалымдар мен инженерлер шығады. «Одиссей» – сол жолдағы алғашқы қадам, білім мен ғылымға деген махаббаттың айғағы.***

ДАТА-ЖУРНАЛИСТИКА ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Экологиялық мәселелер барған сайын өзекті болып келе жатқан Қазақстанда дата-журналистика бұл проблематиканы көрсетуде медиакеңістікте біртіндеп маңызды орын алады. Ашық деректерді пайдалану алаңдатарлық тенденцияларды анықтауға және талдауға ғана емес, сонымен қатар мәселелердің мәнін кең аудиторияға қолжетімді және көрнекі түрде жеткізуге көмектеседі. Бұл құрғақ статистиканы қоғамдық пікірге, тіпті саяси шешімдерге әсер ететін маңызды оқиғаға айналдыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары еліміз деректердің ашықтығы мәселелерінде айтарлықтай ілгеріледі. Қазақстан ODIN деректерінің әлемдік рейтингінде 100 ұпайдан 72 ұпай жинап, 198 мемлекеттің арасынан 44-орынға көтерілді және data.egov.kz ұлттық порталында қазірдің өзінде экологияға қатысты 3000-нан астам деректер жиынтығы орналастырылған. Ауаның, су объектілерінің ластануы, өнеркәсіп кәсіпорындарының шығарындылары және орман өрттері туралы статистика барған сайын қолжетімді болып келеді. Мысалы, ресми ақпаратты талдаудың арқасында 2022 жылы елдегі қоршаған ортаны қорғау шығындары 445 млрд теңгені құрап, төрт жыл ішінде шамамен 47,1%-ға өскені анықталды. 2018 жылы бұл көрсеткіш 302 млрд теңгені құраған еді. Алайда бұл ретте 2022 жылы 70 елді мекеннің тек 23-і ғана экологиялық таза деп танылды, қалған елді мекендерде ластаушы заттар бойынша тіркелген оқиғалар біршама көп. Бұл ретте Қазақстан экологиялық тиімділіктің жаһандық рейтингінде 178-ден 92-орында тұр. Бұл деректер ойлануға түрткі болады және сыни талдау мен қоғамдық талқылауға да негіз.

Дата-журналистика мұндай фактілерді жазып қана қоймай, оларды көрнекі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Интерактивті карталар, графиктер және инфографика оқырманға мәселені сөзбе-сөз «көруге», ауаның қаншалықты ластанғанын, шығарындылар деңгейінің жылдар бойынша қалай өзгеретінін немесе көгалдандыруға қанша ақша жұмсалатынын түсінуге ықпал етеді. Көрнекті мысалдардың бірі – AirData.kz жобасы. Ол елдің 73 қаласына 200 сенсор орнатып, одан деректерді жинап, визуализациялайды, нақты уақыт режимінде ауаның сапасын көрсетеді.

Қазақстанда дата-журналистиканың әлеуеті зор. Ол экологиялық бағдарламалар мен жоспарлардың орындалуын бақылаудың тиімді құралы бола алады. Мысалы, 2029 жылға қарай Үкімет халықтың 90%-ы өз аймағының экологиялық жағдайына қанағаттанушылығын жоспарлап отыр. 2023 жылы бұл көрсеткіш тек 71%-ды құрады. Бұл жоспардың қалай жүзеге асырылатынын, оның астында нақты әрекеттер бар-жоғын және нақты жақсартуларды бақылай алатын – дата-журналистер.

Дата-журналистика – бұл экология туралы тек сандармен айту тәсілі ғана емес, қоғамның алаңдаушылығын дәлелдермен жеткізетін, мәселелердің ауқымын ұғынуға көмектесетін және жекелеген бақылауларды елдік деңгейдегі өзгерістерге деген ортақ сұранысқа айналдыратын тіл. Қоғам ашықтықты талап етіп отырған, ал экологиялық күн тәртібі күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған заманда деректерге негізделген журналистика Қазақстанда экологиялық жауапкершілігі жоғары ұлт қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады.

Айару ДӘУЛЕТ,
академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің магистранты

Ластану индексі бойынша елдердің рейтингі, 2025 жыл



Экологиялық тиімділік индексі бойынша елдердің рейтингі, 2022 жыл

Место	Страна	Индекс	Жизнеспособность экосистемы	Состояние окружающей среды	Изменение климата
1	Дания	77,9	61,3	85,5	92,4
2	Великобритания	77,7	62,3	83,9	91,5
3	Финляндия	76,5	62,0	93,4	83,6
4	Мальта	75,2	68,2	76,5	82,3
5	Швеция	72,7	60,6	93,1	75,4
6	Люксембург	32,3	70,0	86,7	67,4
7	Словения	67,3	72,7	64,4	62,9
8	Австрия	66,5	73,9	81,7	50,3
9	Швейцария	65,9	60,2	88,4	60,5
10	Исландия	62,8	53,4	94,7	56,4
52	Украина	49,6	48,0	43,6	54,7
55	Беларусь	48,5	55,4	51,1	39,6
56	Армения	48,3	58,1	40,7	41,4
84	Молдова	42,7	42,9	42,0	42,9
92	Казахстан	40,9	48,1	37,5	34,9
103	Азербайджан	38,6	44,4	30,7	36,4
106	Узбекистан	38,2	41,0	26,5	41,3
111	Россия	37,5	39,0	50,6	29,1
116	Таджикистан	37,1	55,7	16,6	27,3
117	Туркменистан	37,0	40,7	42,3	30,2
125	Кыргызстан	35,7	40,4	29,1	34,0
178	Индия	18,9	19,3	12,5	21,7

№133 (4877) 11/11/2025 Сейсенбі

«S.O.S» – ЖАНАЙҚАЙ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астанадағы Музыкалық жас көрермен театрында жазушы, драматург Мәдина Омарованың «S.O.S» атты драма жанрындағы қойылымы көрермен назарына ұсынылды. Спектакль қалада «Заң және тәртіп» қағидасын, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды және нашақорлықтың алдын алу жөніндегі «Астана – есірткісіз қала» акциясын іске асыру аясында сахналанды.



Мұнда есірткі шырмауына түскен жастардың тағдыры баяндалады. Басты рөлдегі Айбар жұмыс таба алмай қиналып жүргенде, есірткі сататын жігіттерге жолығады. Сөйтіп, жеңіл ақшаның соңынан кетеді. Осылайша ұйып отырған бір жанұяның шаңырағы зардап шегеді. Қойылымда басты кейіпкер Айбар рөлінде Бибол Байғараев, Абзал Арапов, Айбарша рөлін Аружан Бағзат пен Арелана Амангелдиева сомдады. Ал анасының рөлін «Құрмет» орденінің иегері Майра Омар мен Ақниет Замзат орындады.

Драмада қоғам дертіне айналған нашақорлық баяндалады. Театр ұжымы тағдыр тәлкегіне түсу әп-сәтте, адамзат тарихындағы қасіреттерді көбейтуші, адамды аздырушы апиын екенін көрерменге жеткізе білген.

«Спектакльде бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі қозғалады. Оқиға бір отбасының айналасында болған мәселемен өрбиді. Олар қиындыққа төтеп беруге тырысады. Алайда амалдың, қаражаттың жоғынан қиындыққа тап болады. Басты мақсат – мұндай мәселенің алдын алу, оны болдырмау. Көрерменге арзан ақшаның артында әрқашан қиындық тұратынын жеткізу» деді спектакльдің қоюшы режиссері, мәдениет саласының үздігі Аман Ғұмаров.


Бетті дайындағандар **Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР**

ӨНЕР МУЗЕЙІН АРАЛАДЫ


Бас қаладағы Өнер музейін еліміздің белгілі зиялы қауым өкілдері арнайы келіп көріп, аралады.




Қонақтар қатарында белгілі жазушы-публицист, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәрбану Бейсенова, мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, әдебиеттанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов, белгілі ғалым, алаштанушы, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, профессор Ерлан Сыдықов, сондай-ақ Түркиядан келген ғалым, профессор Метин Екичи болды. Сонымен қатар музейге ақын, сыншы Сұраған Рахметұлы, ғалым Қайрат Сақ, ақын, ғалым Оңайгүл Тұржан, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы, қылқалам шебері, Қазақстан және Татарстан Республикаларының Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Камиль Муллашев, сондай-ақ зерттеуші Есен Сафуанов келді. Қонақтар музейдің жұмысымен және экспозиция материалдарымен танысып, өз пікірлерін жеткізді.



Жүрек сыры. Махаббатым сен...
13/11 19:00
Қуанышбаев театры



Мама
13/11 19:30
Жастар сарайы



ЖЫЛЫ МҰҢ
14/11 16:00
Мәмбетов театры



Астаналық шорт-трекші Богдан Вехов ISU Junior World Cup Short Track Astana 2025/26 жасөспірімдер арасындағы әлем кубогының кезеңінде екі алтын медаль жеңіп алды. Осылайша ол – Қазақстан тарихында 1000 метрлік қашықтықта жасөспірімдер арасындағы әлем кубогында жеңімпаз атанған алғашқы спортшы.

Ерлер ұлттық құрамасы сапында астаналық шорт-трекшілер Павел Цой, Богдан Вехов және Темірлан Жолдас ел намысын қорғап, 3000 метрлік командалық жарыста қола медаль жеңіп алды. Бұған дейін Богдан Вехов 1500 метр қашықтықта да жеңіске жетіп, Қазақстан құрамасының ешісіне тағы бір алтын медаль қосты. Бәсеке Астанадағы «Алау» спорт сарайында өтіп жатыр. Турнирге Қазақстан, Оңтүстік Корея, Қытай, Жапония, Канада, Нидерланд, Польша және басқа да шорт-тректің әлемдік элитасына кіретін 24 мемлекеттен 140-тан астам спортшы қатысуда.



Сауд Арабиясының Эр-Рияд қаласында Ислам ынтымақтастығы ойындары өтіп, онда астаналық спортшы жеңімпаз атанды.

Елордалық жүзуші Әділбек Мусин Ислам ынтымақтастығы ойындарында алтын медаль жеңіп алды. Ол 50 метрлік қашықтыққа (баттерфляй) финалдық жарыста 23,85 секунд көрсеткішін көрсетіп, қатысушылар арасында үздік атанды.



Елордалық спортшы Софья Самоделкина Осакадағы мәнерлеп сырғанаудан гран-при кезеңінде күміс медальға ие болды.

Қысқа бағдарламадан кейін Софья аралық есепте екінші орынға жайғасып, соңғы бағдарламада өз позициясын сақтап қалды. Еркін бағдарламада үшінші нәтиже көрсетті – 132,25 балл. Екі бағдарламаның жиынтық бағасы бойынша астаналық спортшы 200,00 балл жинап, турнирдің күміс медалін жеңіп алды. Ол жапон спортшысы Каори Сакамотоға (227,18 балл) жол берді, ал үшінші орынға бельгиялық Луна Хендрикс (198,97 балл) тұрақтады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 133
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР